



№13 (10106)  
18 ақпан,  
сейсенбі  
2025 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Шипа



### Жансақтау бөліміндегі жылылық

Адам өміріне араша болып, дертіне шипа сыйлайтын ақ халаттылардың адал еңбегі қашан да құрметке лайық. Олардың тынымсыз тіршілігі, бір күндік жұмысы қаншалықты қауырт екені айтпаса да белгілі. Осы ретте кеше аудандық ауруханадағы жансақтау бөліміне бас сұқтық. Бөлім меңгерушісі Мақсат Серікұлымен бірге тазалықты сақтау мақсатында халат пен бетперде тағып, науқастар жатқан палатаға қарай бағыт алдық.

Бір мезетте 6 науқасқа медициналық қызмет көрсететін бөлімге күнде ауыр жағдайдағы науқастар түседі. Олардың жағдайы бірқалыпқа түскенше бөлімдегі дәрігерлердің бақылауында болып, диагноздарына сай қажетті ем-шара жүргізледі. Бөлім меңгерушісі Мақсат Елеместің айтуынша мұнда 6 науқасқа арналған төсек орының 1-еуі балаларға, 5-еуі ересектерге арналған. Мақсат Серікұлынан бөлек, мұнда Нұрболат Балтабайұлы, Бекболат Ержанов, Нұрбек Ақмурзаев сынды білікті реаниматологтар жұмыс істейді. Мұнан бөлек, 1 аға мейіргер, 7 кезекші анестезист мейіргер, 1 шаруашылық мейірбикесі, 5 кезекші кіші аяжан бар.

Жалағашы 4-бетте



### Көпті қуантқан жоба

Жалағашта ұлт саулығына қызмет ететін аудандық аурухананың жанынан «Госпитальдық фармация бөлімі» ашылды. Емделуші науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бөлімнің жұмысымен кеше танысып қайттық. Бөлімше дәрілік қамтамасыз ету сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған. Басты міндет – дәрі-дәрмекті есепке алу жүйесін жақсарту, оларды сатып алу шығындарын азайту және дәрілерді пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Жалағашы 4-бетте

## Белес



# Өндіріс өркендеп келеді

Бүгінде жалағаштықтар табыстың тетігі кәсіпте екенін жақсы түсінген. Жалпы қолдан келетін сүйікті ісін табыс көзіне айналдырып, кәсіппен айналысқысы келетіндер едәуір артқан. Оның себебі азаматтарға кәсіп бастау үшін мемлекеттен қолдау да көп, тек ынта болса жеткілікті.

### Мыңнан астам жұмыс орны ашылады

Нақтырақ тоқалсақ, облыста «Ауыл аманаты» жобасы аясында соңғы екі жылда 4,3 млрд теңгеге 601 жоба жүзеге асырылып, 917 жаңа жұмыс орны ашылған. Әрине бұл ауқымды жұ-

мыстың нәтижесі екені анық, алайда бұл межеге тоқмәйлсуге болмайды. Сондықтан биыл тағы 815 жобаны іске қосып, сол арқылы 1 мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Бүгінде осы бағытта шағын өндіріс орталықтарын құруға басымдық берілуде. Шаруашылық құрылымдарының әлеуметтік жауапкершілігі шең-

берінде кәсібін бастаушыларды ғимаратпен, кепілдікпен қамтамасыз ету тәжірибесі де өңгізілген. Еске салайық, өткен жылы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында биыл агроиндустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс саны 5 308 орынға дейін ұлғайтылған.

### Қаңтарда 10 жоба қаржыландырылды

Ауданға келетін болсақ, Мемлекет басшының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап өңірде «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары сәтті жүзеге асырылып келеді.

Мәселен былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жетіп, бүгінде оның 2 839 субъектісі немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған

325 жоба 5 млрд 132 млн теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мұнан бөлек «Байқоңыр ӘКК» ҰҚА арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға ие болу үшін әртүрлі бағыттар бойынша 268,4 млн теңгені құрайтын 48 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформасына енгізілген. Оның ішінде 60 млн теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ өткен жылы желтоқсан айында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

Нақтырақ айтсақ, ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «Ақпие» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды.

Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Сондай-ақ өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады.

Тағы да айта кететін жайт, аудан орталығынан өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен құны 600 млн теңгені құрайтын 3 сауда орталығы ашылып, ел игілігіне берілді.

ЖАРЫН



## Жас маман



# Ветеринар Әмірхан

Бүгінде «жұмыссызбын», «тұрақты жұмыс табу қиын» деп өкпененіш айту жалқаулықтың белгісі деп ойлаймын. Өйткені елімізде жұмыссыздарды қолдауға бағытталған бағдарламалар жетерлік. Яғни еңбек етемін деген адамға мүмкіндік көп. Оған Әмірханның жолы дәлел.

Нақтырақ тоқталсам, Есет батыр ауылының тұрғыны Әмірхан Сағынбаев «Мансап» орталығында жұмыссыз ретінде тіркеліп, қысқа мерзімді кәсіптік оқуға өтінім берген. Осылайша, ол еңбек нарығында сұранысқа ие «Ветеринар-санитар» мамандығы бойынша білім алады. Нәтижесінде ауылдағы «Рахым-Бек» шаруа қожалығымен жасалған келісім шарт негізінде тұрақты жұмысқа орналасқан. Қазіргі уақытта аталған мекемеде «Ветеринар – санитар» болып жұмыс істейді.

– Біраз уақыт жұмыссыз жүрдім. Ер адамға тірлік істемеген соң, қажиды екенің, «Мансап» орталығына алғысым шексіз. Жалпы, ветеринария саласын таңдауым саналы түрде жасалған қадам болды. Себебі көзімді ашқалы ауылдың өмірін көрдім. Үйдегі төрт-түліктің жем-шөбін беру менің мойнымда еді. Атам қазақ ықылым заманнан мал шаруашылығымен айналысқандықтан осы бір ата кәсіптің дамуына өз үлесімді қосқым келді. Сондықтан ауылдың баласы ретінде өз ауылымды дамытатын іспен айналысуды жөн көрдім. Осылайша, ветеринария саласына келдім, – дейді жұмысшы мамандық иесі.

Мал басының көбеюі және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Сол себепті ветеринария саласын жетілдіру қажет. Шыны керек, бүгінде жастар бұл салада еңбек еткісі жоқ. Ауыл жастары «Малдың жанынан шықпай, қорада жүреміз бе?» деп қалаға қашуда. Сондықтан ветеринария қызметін қазіргі заман талабына сай жетілдіру қажет, өйтпесе ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Ол үшін осындай Әмірхан секілді жас мамандарды жұмысқа тарту маңызды.

Иә, халықтың табиғи таза өнімдерімен жеңіл өнеркәсіпті құнды шикізатпен қамтамасыз етіп отырған ауыл шаруашылығы саласы экономикамыздың, халық әлеуметі үшін де маңызды болып қала береді. Сондықтан малдың қауіпті кеселге шалдығуын болдырмай, төрт түліктен алынатын өнімдердің адам денсаулығына зиян келтірмеуін қамтамасыз ету бағытында тынымсыз еңбек ететін ветеринар мамандардың мәртебесі қашан да биік болуы тиіс.

Жандос ЖАЗКЕН

# Еңбек ауылындағы сайлау

**Жексенбіде Еңбек ауылының тұрғындары сайлауда белсенділік танытып, өз таңдауын жасады. Ауылдық мәдениет үйінде орналасқан №149 сайлау учаскесіне сайлаушылар таңғы 07.00-ден бастап келді. Иә, тұтас бір елдің тынысы тұрғындардың дұрыс таңдауына байланысты екені рас. Осы ретте жауапкершілікті ұғынған ауыл тұрғындарының қазыналы қарттары да, жалынды жастары да таңмен таласа келіп, саяси науқаннан қалыс қалмады.**

Айта кетейік, бұған дейін ауылдық округ әкіміне 3 үміткер нақтыланған. Барлығы жас та болса мемлекеттік қызметте тәжірибе жинаған білікті мамандар. Оның бірі – ауылдағы алтын ұяда мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарса, енді бірі – Аламеке ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқарады. Соңғысы Бахытберген Балханов, ол ауылдық округ әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарады. Барлығы да осы уақытқа дейін баспасөзқұралдары арқылы 4 жылдық сайлауалды бағдарламасын ұсынған. Барлығы ауылдағы ағайынның сенімін ақтап, халыққа адал қызмет ету.

Айта кетейік, Еңбек ауылдық округінде екі мыңға жуық тұрғын бар, оның 806-сы сайлауда дауыс беру құқығына ие. №149 сайлау учаскесіне бірінші келген ауыл ақсақалы Әбдіқаппар Исқаков. Ол өз таңдауын жасауға асыға келіп, саяси науқан өз дәрежесінде өтетініне сенім білдіріп, ақ батасын берді. 88 жасты алқымдаған ең қарт сайлаушы әр азамат ел ертеңі, берекелі бірлігі мен ауыл тұрғындарының өрісті өмірі үшін дауыс беруге мүдделі екенін жеткізді. Тізінді қай азамат ұстаса да,

ең бастысы ауыл халқының игілігі үшін қызмет етуі керек екенін жасырмады. Қартын сыйлаған қазыналы елдің ұрпақтары ақсақалға шапан шауып, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, ауыл ақсақалы ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп, саланың дамуына үлес қосқан. Зейнет жасына дейін еңбектен қол үзбей, кейінгі буынға үлгі болып отыр. Ол мұндай маңызды шараларда жастарға үлгі болуды өзіне парыз деп есептейді. Жасы тоқсанға таяған атамыз тізінді қай азамат ұстаса да, ең бастысы ауыл халқының игілігі үшін аянбай қызмет етуі керектігін айтты.

Бұл сайлаудың ауыл болашағы үшін маңызы зор. Бастысы еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ауылымыз жыл сайын керкейе берсін! Бүгінгі саяси науқанда халық лайықты таңдау жасап, ауылдың болашақ әкімі Еңбекке ерен еңбегін сіңіреді деп сенемін, – дейді абыз ақсақал Таңмен таласа басталған сайлауда алғашқы болып дауыс берген тұрғындар мен белсенді сайлаушыларға арнайы сыйлықтар табысталды.



**Батыр аналар белсенді**

ансамблінің 30 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өткен.

## Ең жас сайлаушы дауыс берді

Ауылдағы «Батыр аналар» ансамблінің әжелері саяси науқанда өз таңдауын жасады. Сайлау учаскесіне бір мезетте көтеріңкі көңіл-күйде келген ақжаулықты аналар ауыл тұрғындарының ауыбыршілігі мығым екенін аңғартты.

Иә, батыр аналар ауыл болашағына бейжай қарамайды. Өздері тұратын ауылдың келешегі үшін маңызды қадам жасауға келген аналар, саяси науқанда белсенділік танытып, ұлттық киіммен келіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Айта кетейік, ауылдағы «Батыр аналар» ансамблі 1988 жылы ХІХ Партия конференциясының қарсаңында партком хатшысы Кенеш Жұмалиева, оқу ісін үздігі, зиянеткер Балтабаева Орынқұл совхоз директоры Ұзақ Еспанов, ауылдық аналар кеңесінің тқрайымы Садықова Балтай, ауылдық мәдениет үйінің директоры Сейдуллаева Зоялардың ақылдасуымен 19 батыр анадан құрылып, ең алғаш концертін 1988 жылдың 7 наурызында ауылдық мәдениет үйінде қойды.

Мұнан кейін көршілес Жаңадария ауылынан бастап Ақарық, Бұқарбай батыр, Ақжарма, Аққұм, Шаған, Мырзабай, Мәдениет, Жаңаталап ауылдары мен аудан орталығына концерттік іс-шаралармен шығып, өз өнерлерін көрсетті. Ансамблде Бұрышова Айнагүл, Каукунова Набира, Есімова Жанымкүл, Толыбаева Әдеп, Аяпова Ақзереп, Итенова Қантай, Бексейітова Жұмакүл, Жұмағұлова Абаштар қазақтың халық әндері мен қатар өзге ұлт әндерін әулетте орындаса, Жалғасбаева Зәпен қазақ билерін билеп, ансамбль жетекшісі Рахия Жұбатханова сығаң үнді билерін бабына келтіре орындаған. Қазіргі таңда ансамбль құрамы өз қолдарынан келетін ұлттық нақыштағы өнерлерін ауылдағы жас өрендерге үйретуде. 26 анадан құрылған «Батыр аналар» ансамблінен қазіргі таңда 16 батыр ана немере-шөбере сүйіп отыр. 2018 жылы «Батыр аналар»

Сағат тілі 08.23-ті көрсетіп тұр. Сайлау учаскесінде жұмыс қызу. Дауыс беруге келген жұрттың қарасы қалың. Өйткені мұндағы әрбір тұрғын елдің, ауданның, ауылдың дамуы үшін өтіп жатқан саяси науқанның маңызы зор екенін жақсы біледі. Сайлау учаскесіне келіп, дауыс бергендердің қатарында «Еңбек жер» шаруашылық ұжымы да бар.

«Барлығымыз еліміз үшін маңызды зор саяси науқанда өз таңдауымызды жасадық. Еліміз әрі қарай дамуы үшін бұл сайлаудың маңызы зор» деген ұжым мүшелері әрбір тұрғынның саяси науқанда белсенділік танытып, маңызды екенін жеткізді. Мұнан кейін сайлау учаскесіне ауыл тұрғыны Қайрат Қаршығаев келді. Ол бүгінгі саяси науқанға 100-інші болып келген сайлаушы екен.

Ауыл әкімінің сайлауы барлығымыз үшін маңызды. Өйткені біз сайлаған азамат ауылымыздың дамуы, көркеюі жолында қызмет ететін болады. Мен өзім сенім артып кандидаттыма дауыс бердім. Кім сайланса да елдің қамы үшін еңбек етіп, ел сенімін жауапкершілікпен арқалайды деп сенемін, – дейді Қайрат Сабытұлы.

Сағат тілі 09.30-ды көрсетіп тұр. Ал бұл уақытқа дейін 148 сайлаушы өз таңдауын жасап үлгерген. Соның бірі – Әсел Ерланқызы. Ол бүгінгі саяси науқанға алғаш рет қатысып, дауыс беріп тұрған ең жас сайлаушы.

Жалпы ауыл тұрғындары саяси науқанға өте белсене атсалысты. Бұдан туған жердің ертеңі үшін жергілікті халықтың қарап қалмайтынын аңғардық. Қорытындысына келсек, сайлаушылардың басым дауысын жинаған Бахытберген Балханов Еңбек ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



## Құқық

# Кассациялық соттан күтеріміз көп

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 5 шілдеде Конституциялық заңның қабылдануы елімізде кассациялық соттарды құру туралы жаңа норманы енгізуімен ерекшеленіп отыр. Бұл құжатқа сай бірнеше заңмен кодекске толықтырулар енгізілді.**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 21 қарашада сот жүйесін реформалауға және іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңға енгізілген жаңа өзгерістерде 2025 жылы құрылатын үш дербес кассациялық соттың қызметіне байланысты тетіктер толық шешімін тапқан.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде үш дербес кассациялық сот жұмысына кіріседі. Кассациялық соттардың тәжірибеге енгізілуімен Жоғарғы Соттың да функциясы өзгереді. Сайкесінше, Жоғарғы Сот істерді тек ерекше жағдайларда; Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы немесе Бас Прокурордың наразылығы бойынша ғана қайта қарауы мүмкін. Сондай-ақ республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарау, сот практикасы

мәселері бойынша түсініктеме беру, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу де Жоғарғы Соттың міндеті ретінде айқындалған.

Кассациялық соттарға қатысты жаңашылдықтарды халыққа таныстыру, түсіндіру аса өзекті. Себебі, халықтың қалауына сай дайындалған заңның игілігін көпшілік көруі, білуі тиіс. Заңның құндылығы да, өміршеңдігі де осында. Айталық, кассациялық саты қылмыстық және азаматтық істерді қайта қарауды алты ай ішінде аяқтауы тиіс. Сондай-ақ, азаматтық және қылмыстық істерді қарауды шектеулердің алынып тасталуы да оң өзгерістің бірі.

Кассациялық соттардың құрылуы құқық қорғаудың жаңа деңгейі болып табылады, яғни, ол азаматтардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғаудың қосымша тетігін қамтамасыз етеді. Енді төменгі сатыдағы соттардың



Фото: ашық дереккөз

шешімдеріне күмәнданған азаматтар Жоғарғы Сотқа дейін бармай-ақ, кассациялық деңгейде өз құқықтарын қорғай алады.

Кассациялық соттардың құрылуы істерді қарауды әділдікті қамтамасыз етеді, сот жүйесіне деген сенімді арт-

тыруды және сот тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді деген сенімдемеміз.

**Д.Ә.ШАДАЕВ,**  
**Жалағаш аудандық сотының**  
**бас маманы**

## Тағылым



## Тәрбие – тәртіптің негізі

Пробация – ел заңнамасына сәйкес, есепте тұрғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдармен, азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара әрекеттесе отырып, атқарылатын қызмет түрі. Азаматтардың қылмыстық сот төрелігіне түсуі, қылмыстық жазалау шараларын азайту мақсатында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды кеңінен қолдану үшін жағдай жасалған жаңа Қылмыстық кодексте бірқатар санкция жеңілдетіліп, сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату уақыты азайтылды.

Осы орайда аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен маргинал және пробация есебіндегі жастарға мұражайға экскурсия ұйымдастырылды. Мәдениет пен тарихқа қызығушылықты арттыру мақсатында өткен шара жастардың көңілінен шықты.

– Бұл шара біздің білімімізді арттырып қана қоймай, рухани өлемімізге де мол қазына сыйлады. мұражайға жасалған сапар басқа шараларға қарағанда ерекше болады екен. Мұны жастарға керекті нағыз рухани байлық, гиратты шара деп білеміз. Сол үшін осындай сапарлар жиі болып тұрса деген тілегіміз бар, – дейді жастар.

Ұлттық мұраны дәріптеген тарихи-мәдени сапар алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрақты түрде жүргізілетін болады. Осы сапарды ұйымдастыруға атсалысып, жастарды тарихи орындармен таныстырған аудандық қоғамдық даму бөлімінің қызметкері, саяхатшы Арыстанбек Байқабылов «Жастарды қайта тәрбиелеп, қоғамға бейімдеу – ортақ парызымыз» деп, мұғдай шаралардың әлі де жалғасын табатынын жеткізді.

Экскурсия барысында жастар ауданымыздың тарихи, мәдениеті мен өнері туралы мол мағлұмат алып, түрлі жөдігерлермен танысты.

«ЖЖ» ақпарат

## Жиын

# Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу маңызды

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай» деп ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, әр тілдің өзіндік ерекшелігі болады. Кез келген халық үшін тіл маңызды құндылық, баға жетпес байлық.



Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми тілді жеткілікті дәрежеде қолданылып келеді. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңының 13-бабына сай, Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

Осы ретте аудандық соттың мәжіліс залында сот төрағасы Асылхан Мизанбаевтың қатысуымен жиын өтті. Жиын барысында сот төрағасы Қызылорда облысындағы сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілінің үлес салмағы төмендігін тілге тиек етті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №13 Нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесінің 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Сот істі сот талқылауына дайындау сатысында талап қоюшының талап арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтауға тиіс. Сот талап қоюшыдан тиісті жазбаша өтініш хат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді ұйғарым шығарады. Тараптардың тең құқықтылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша жауапкердің де пікірін анықтауға міндетті.

Сотта іс жүргізу мемлекеттік тілмен қатар орыс тілінде өтеді. Яғни сотқа арыз қай тілде берілсе, іс тек сол тілде жүргізіледі. Ал іс жүргізу тілін білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта аудармашының қызметін пайдалану қамтамасыз етіледі. Аудармашымен қамтамасыз ету кезінде кездесетін қиындықтар да бар. Мысалы, кәсіби аудармашының қатысуын қамтамасыз ету дұрыс аударма жасалмағаны үшін аудармашыға қарсылықтар жариялануы, қазақ тілінде жазылған арызға тіркелген құжаттардың басқа тілде болуы немесе сотқа арызды орыс тілінде беріп, алайда істі сотта қарау барысында тараптың өзі мемлекеттік тілде түсінік беруді қалайтындығын, ал арызды басқа құжаттар орыс тілінде болуына байланысты ғана сол тілде бергенін айтып жататын жағдайлар да кездеседі.

Сондықтан сотқа арызбен жүгінген кезде арызды қай тілде жазу және іс жүргізу тілін таңдау азаматтардың өз қолында. Осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту және оған өз үлесін қосу әр адамның өз қолында екенін естен шығармаған жөн.

Сезім НҰР



# Жансақтау бөліміндегі жылылық



Сондай-ақ 2 екпінді ем жүргізу палатасы мен 1 оқшаулау палатасы, 1 ем шара бөлмесі мен аппараттарды сақтау, А және Б тобындағы дәрі-дәрмектерді сақтау бөлмесі бар.

былтыр бұл бөлімнен 400-ден астам науқас ем қабылдаған. Мұның ішінде облыстық көп бейінді орталыққа да жағдайының ауырлығына байланысты ауыстырылғандар да бар. Яғни бұл бөлімде тасымалдаушы медициналық топ сырқаты ауыр науқастарды облыстық медицина орталығына апарды.

Былтыр өзге емдеу орталықтарына 165 науқас орналастырылған. Оның ішінде қант диабеті мен 2 науқас, жедел ішек инфекциясымен 1 науқас, церебральды васкулярлы ауру түрімен 1 науқас, жедел коронарлы синдромы сырқатымен 5 науқас, инсультпен 38 науқас, балалардағы пневмониямен 9 науқас, асқазаннан қан кетумен 1, өт жолына тас байлану сырқаты бойынша 5, нефритикалық синдроммен 5, жүктілікпен 3, нәресте патологиясымен 14, ауыр жарақат алған 20 науқас ауыстырылған.

— Былтыр жылдың соңында 50-ден асқан бір ер адамды қаладағы емдеу орталығының біріне ауыстырдық. Біздің бөлімде 20 күн жатып ем алған болатын. Науқас ең алдымен пневмония сырқаты бойынша түсті. Одан кейін сырқаты асқынып тоқ ішектің өтімсіздігі диагнозына әкеліп соқты. Осында әріптестеріммен бірге ота жасадық. Қазіргі таңда облыстық медицина орталығында жатып ем қабылдауда. Бұл науқастың жағдайы өте ауыр болды. Өйткені ол бір емес, бірнеше сырқат түрімен ауырады. Науқасқа облыста да ота жасалды. Ал был жыл басынан бері түрлі диагнозбен 33 науқас өзге емдеу орталықтарына ауыстырылды. Оның 17-сі бөлімде жатқан науқастар болса, 16-сы қабылдау бөлімінен ауыстырылған. Мәселен бүгін бір науқасты облысқа ауыстырып жатырмыз. Ол жедел коронарлы синдромы сырқатымен бөлімде 3 күн ем қабылдады. Науқасты қайта-қайта анализ алып, 3 күн бойы жағдайын бақылады, — дейді Мақсат Серікұлы.

Дәрігер науқастардың басым көпшілігі жол апаты, қант диабеті, инсульт сынды сырқаттар бойынша түсетінін айтты. Ал балалалар

бронхит, ларингит, пневмония сынды сырқаттармен шағымданып келеді. Жүкті әйелдер кесір тілігі арқылы босанғаннан кейін міндетті түрде бөлімде дәрігерлер бақылауында болады. Сондай-ақ ауыр босанып, көп мөлшерде қан жоғалтқан аналар да өз-өзіне келіп, ес жиғанша 2-3 күнге дейін осында ем қабылдайды.

Дәрігер сұқбат барысында көптеген науқастардың дәрігердің қабылдауынан жиі өтпейтінін, тексеруден қашып, ауру қысқанда ғана дәрігердің көмегіне жүгінетінін тілге тиек етті. Яғни ауруын асқындырып келетін науқастар көп. Бөлім меңгерушісінің айтуынша былтыр бөлімшеде қайтыс болған науқастар саны 22-ге жеткен. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда өлдеқайда артқан.

Бөлімше стандартқа сай медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мәселен, мұнда жүректің электрлік белсенділігін өлшейтін электрокардиограмма, жүрекке шағын электрлік импульс немесе электр тогының соғуын жіберу арқылы науқастың жүрек соғысын қалпына келтіретін дефибриллятор, тері астындағы тамырларды бейнелеуге көмектесетін веновизор құрылғылары бар. Дәрігер бұл құрылғының көмегімен тамыры жіңішке егде жастағы науқастар мен балалардың тамырын тез табуға болатынын айтады. Мұнан бөлек инфузиялық дозатеру мен өкпені жасанды желдету аппараттары да бар.

— Біз көбіне ангиокатетер қолданамыз. Себебі ол ыңғайлы және кез келген уақытта пайдалануға болады. Науқастың тамырын бір-ақ рет тесіп 5-7 күнге дейін қолданамыз, — дейді ол.

Жансақтау бөліміндегі жұмыс қаншалықты ауыр болса, мұндағы қызметкерлердің жауапкершілігі де соншалықты жоғары. Олар нұсқаулықты дәр кезінде орындап, науқастарға қажетті еkle мен басқа да көмектерді сапалы түрде көрсетеді. Яғни ер адамның шыбын жаны үшін көз ілмей, таулік бойы қызмет етеді.

Басы 1-бетте



## Көпті қуантқан жоба

— Бұл бөлім ем алушыларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінде қауіпсіздік шараларын тиімді қолдануға, денсаулық сақтау саласында дәрі-дәрмек бөлігін толыққанды цифрландырылуын қамтамасыз етуге, дәрі-дәрмектерді сақтау, дайындау, тасымалдау ережелерін қатаң қадағалауды қамтамасыз етуге, тағайындалған емдік дәрі-дәрмектердің қолданылуына, реттілігіне мониторинг жасау арқылы медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталды. Жалпы, осындай бөлімнің біздің ауданда ашылып жатқаны көңіл қуантады. Бұл өте маңызды зор бастама. Бұған дейін де ауданға қарасты бірнеше елді мекенде дәрігерлік амбулаториялар ашылып, елдің қуанышын еселеді. Бұл дегеніміз, сапалы медициналық көмекке енді ауылдық жерлердегі тұрғындар да қол жеткізе алады деген сөз, — деді аудандық аурухананың бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Қаюпова.

Иә, Гүлсім Қаюпованың айтуынша бұл бөлімнің артықшылықтары өте көп. Мұнда ақ халатты абзал жандар көмек көрсету сапасын арттыру, әр науқасқа жеке көзқарас және дәрігер эксперт, клиникалық фармакологпен бірлесіп отырып, тағайындалған дәрі-дәрмектердің негізділігін тапдауға мүмкіндік алады.

Мұнда дәрі-дәрмекті орау аймағы, дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау бөлмесі, дәрілік заттарды орталықтандырылған өрту аймағы бар. Қазіргі таңда госпитальды фармация бөлімшесіне хирургия, терапия, перзентхана, жұқпалы аурулар, паллиативті науқастарды емдеу бөлімі және балалар соматика бөлімдері қосылып, жұмыс істеуде.

Қазіргі таңда бөлімде 10 қызметкер жұмыс жасауда. Олар аурухана бөлімінде ем алып жатқан 140 науқасқа күнделікті қажетті дәрі, еkleлерін дайындап, уақытылы ем алуын қамтамасыз етуде.

Басы 1-бетте

### Маман мерейі

# Бала дәрігері Сандуғаш

Аудандық аурухананың ішін аралап жүріп, «перзентхана» бөліміне аялдадық. Бұл бөлім басқалардан ерекше екені даусыз. Себебі мұнда ана мен сәби бір-бірімен аман-есен қауышып, бүтін бір әулеттің қуанышы еселене түседі. Адамға өмір сыйлайтын құтты бөлімде шіліңгір шілденің ыстығы мен қақаған қыстың аязына қарамай қызмет ететін мамандардың қашан да еңбегі ерен екенін тағы да аңғардық.

Бөлім есігінен енгеннен «ің-галаған» сәбидің даусына құлағымыз шалды. Әріптесім екеуіміз, кезекші мейіргерге мұнда келгендегі мақсатымызды айтып, жаңа туған нәрестеге қарайтын неонатолог дәрігерді шақыруын сұрадық. Алайда дәрігер Сандуғаш Малдыбаеваны күтуге тура келді. Себебі ол жаңа ғана босанған ананың сәбиін толық тексерістен өткізіп жатыр екен. Білікті дәрігермен сұқбаттасу үшін қанша уақыт болса да күтуге дайын тұрмын. Қолы қалт етіп босай калса, қойың дәптерімен қаламсабымды алып екеуара диалог құрмақшымын. Арада біраз уақыт өткен соң бөлмесіне қарай бағыт алған дәрігермен сұқбаттасудың реті түсті.

«Маған кішкентайымнан балалармен жұмыс жасаған қатты ұнайтын. Туысқандарымның сәбилеріне қарап, немесе қуыршақты бөпе қылып ойнал ескендіктен бұл мамандық жаныма жақын болды. Сондықтан да жаңа туған нәрестелердің дәрігері болдым. Бала күнді армандық бүгінде сүйікті мамандығымна айналды» деп бастады еңгімесін дәрігер Сандуғаш Имамзадақызы.

Дәрігер ең алғашқы еңбек жолын осы ауруханадағы инфекция бөлімінде бөлім меңгерушісі қызметімен бастаған. Одан кейін перзентхана бөліміне ауысып, жаңа туған нәрестелерді толық тексерістен өткізуді қолға алған. Айтуынша, былтыр перзентхана бөлімінде 407 бала дүниеге келген. Ал ол оның 38-іне қажетті ем-шара жүргізген. Дәрігер сәбилер көбіне анасының құрсағынан туа пайда болған гипоксиялық ишемиялық зақымдану диагнозымен туылатынын айтты. Яғни бұл нәрестенің миына жеткілікті оттегі жетпейтін

кезде, тұншығу салдарынан пайда болатын сырқат түрі.

— Бұл сырқат түрімен туылған балаларға дер кезінде көмек көрсетіп, үйіне жағдайы жақсарған кезде шығарамыз. Кейде жағдайы аса ауыр, аппаратқа тәуелді балалар болады. Оларға өзінде 3 тәулік бойы көмек көрсетіп, жағдайы бірқалыпқа түспеген жағдайда облыстық «Ана мен бала» орталығына ауыстырамыз, — дейді дәрігер.

Жыл басынан бері ауданда 53 бала дүниеге келіп, оның 5-еуіне толық ем-шара жүргізілген. Қазіргі таңда бөлімде 5 ана мен сәби бар. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» демекші, бөлім біз келген күні бір сәбимен толықты. Жаңа туған нәрестенің жағдайын бізде өз көзімізбен көрмекші болып дәрігермен бірге ана мен бала жатқан палатаға қарай бағыт алдық. Барсақ, жас ана баласын бауырына басып, өнімен әлдилеп ұйық-татқалы жатыр екен.

— Аллаға шүкір, бұл менің 6-шы сәбиім. 2 қыз, 3 ұлым бар еді, енді 4 ұлды болдық. Ешқандай шағымым жоқ. Дәрігерлер аман-есен босандырып алды. Баламның да, өзіннің де жағдайым жақсы. Ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Сандуғаш дәрігер мен 3-ші баламды босанғанда осы жерде жұмыс істейтін. Содан бергі балаларымның барлығының денсаулығына өзі қарап келеді, — дейді жас ана Әсем Шамитаева.

Айтпақшы кішкентай батырға Зейн деген есім берілді. Сұқбат соңында «батырдың бауы берік, үлкен азамат болсын» деген ақ тілегімізді жаудырып дәрігермен бірге бөлім тынысымен танысуға шықты.

Бөлімде Сандуғаштан бөлек 2 акушер-гинеколог, 5 акушер, 10

мейіргер бар. Сондай-ақ 5 босану бөлмесі мен босанғаннан кейін жататын 10 төсек орын бар.

— 2017 жыл Бөлімге 5 жыл бойы асығып күткен сәбимен босануға бір жас ана келді. Толғағы жеңіл болып, сәтті босанып, палатаға ауыстырылды. Алайда 1 күннен кейін баланың аузына тік ішегінен қан кетіп, бала да қанның ую жылдамдығы төмен болды. Барынша қолымыздан келген көмекті көрсету арқылы қанды тоқтаттық, баланы облыстық ауруханаға ауыстырдық. Бала сол жақта да толық ем алып, үйіне шықты. Қазір сол бала мектеп жасындағы оқушы. Анасын көшеден көргенде өлі күнге дейін ұмытпай баланың жағдайын сұрап тұрамын, — дейді кейіпкеріміз.

Бір қуантарлығы, соңғы жылдары мұнда ана мен бала өлімі тіркелмеген. Әрине, мұндай еселі еңбек — ұйымшыл ұжымның жемісті жұмысының нәтижесі.

Айта кетейік, дәрігер Сандуғаш қазіргі таңда перзентхана бөлімінен бөлек, қабылдау бөлімінде қосымша бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. Мұнда науқастар күндіз-түні түрлі сырқатпен келеді. Олардың басты міндеті — ауруы асқынғандарға шұғыл және жоспарлы түрде келген науқастарды ауруханаға орналастыру.

— Ересектер қан қысымы көтеріліп, жүрек ауруы сынды дертпен, артериялық гипертензиямен шағымданып келеді. Ал балалар көбіне тұмаумен келеді. Кейде алғашқы ем-шараны өткізгеннен кейін, науқастың жағдайы жақсарып жатады. Оларды толықтай тексерістен өткізіп үйіне қайтарамыз. Қазірдің өзінде жұмыс уақытының басталғанына көп болмаса да, 9 науқас түсіп үлгерді. Кейде күніге 40 науқасқа дейін қабылдап, бар-

лығына қажетті көмек көрсетеміз, — дейді дәрігер.

Мәселен былтыр бөлімге 11 603 науқас келіп, оның 6382-сі ауруханаға жатқызылған. Ал 1622 науқас портал арқылы жоспарлы ем қабылдаған. Сондай-ақ 5221-і амбулаторлы ем қабылдап үйіне қайтарылса, 4769-ы шұғыл түскен. Олардың ішінде 1265 науқас жарақатпен түскен. Оның ішінде 77 науқас жол-көлік оқиғасына тап болса, оның 12-сі балалар. Ал алкогольді уланумен 113 науқас, күйік жарақатымен 45 науқас ем алған. Сондай-ақ 37 науқас инсульт диагнозымен тіркелсе, жедел коронарлы синдром диагнозымен 161 науқас түскен. Мұнан бөлек, жедел ішек инфекциясы мен 179 науқас тіркелген. Ал жыл басынан бері мұнда 831 науқас келіп, 542-сі ауруханаға жатқызылған.

Бөлімде Сандуғаш дәрігермен қатар 1 аға мейіргер, 12 мейіргер тәулік бойы қызмет етеді. Мұнда 2 қарқынды емдеу палатасы бар. Біреуі — жүкті әйелдерге, екіншісі — қосымша сырқаты бар науқастарға арналған. Бұл екі палата қажетті барлық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Бір тәулікте 15 науқасқа көмек көрсете алатын бөлімде 3 қабылау палатасы бар. Олар ерлер мен әйелдерге, балаларға арналған. Мұнан бөлек, 5 төсек орыны бар уақытша емдеу палатасы бар. Бұл жақта науқастар өздерінің сырқаты бойынша қарайтын дәрігерлер келгенше ем алып, кейін қажетті бөлімге ауысады.

Дәрігер Сандуғаштың айтуынша бұл бөлімге дәрігерлер түнгі уақытта кезекшілікпен тұрады. Ол былтыр бөлімге екі жас жігіт пышақтан жарақат алып түскенін айтты.

Иә, ақхалат киіп, «дәрігер» деген атты арқаалағаннан кейін ал-



дымызға науқас келгенде «бұл менің бөлімім емес, немес менің қолымнан келмейді» деп қарап тұрмаймыз. Жаңа туған нәрестелер дәрігері болсам да, ауыр жарақат алып келген екі жас жігітке хирург келемін дегенше алғашқы көмек көрсеттім. Бірінің — асқазанына, екіншісінің — бауырына зақым келген, — дейді дәрігер Сандуғаш Имамзадақызы.

Мамандыққа адалдық деген осы шығар, сіре! Себебі мұндағылар

уақытпен санаспайды. Бұл бөлім жылдың 12 айында тәулік бойы дертіне шипа іздеген науқастарды қабылдап, сырқатынан сауықтырады. Білікті маманмен құрған сұқбатымызды «дәрігер, шұғыл көмек қажет» деген мейірбенің дабылы бұзды. Бізде дәрігердің жұмысына сәттілік тілеп, науқастардың аман-есен үйлеріне оралуына тілектестік білдіріп қайттық.

Бетті дайындаған  
Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №275